

БИЫЛ ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 475 КМ БОЛАТЫН ЕКІ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ 2,9 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛАДЫ. БҰЛ ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІН 60%-ҒА ҰЛҒАЙТУҒА, АЛ ТРАНЗИТТІК КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗДАРДЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН САФАТЫНА 50 ШАҚЫРЫМҒА ДЕЙІН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. АТАП АЙТҚАНДА, ҚЫТАЙ ШЕКАРАСЫНАН КАСПИЙГЕ ДЕЙІН ЖҮКТЕРДІ ЖЕТКІЗУ УАҚЫТЫ ОСЫ ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚАРАЙ 84 САФАТТАН 55 САФАТҚА ДЕЙІН ҚЫСҚАРАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ.

Олжас БЕКТЕНОВ,
Қазақстан Республикасының Премьер-министрі



№12 (3159)
17/02/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ФИНАНСИРОВАНИЕ БУДУЩЕГО: ҚТЖ РАЗМЕСТИЛА ОБЛИГАЦИИ НА AIX

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» разместило купонные облигации на площадке биржи Международного финансового центра «Астана» (AIX). Объем привлеченного финансирования составил 1,6 миллиарда китайских юаней (эквивалент 224 миллионов долларов США).

В ходе транша размещено 1 604 400 облигаций номинальной стоимостью 1 000 юаней за единицу. Ставка вознаграждения по ценным бумагам установлена на уровне 4,2% годовых. Срок обращения бумаг рассчитан до 15 декабря 2028 года.

В целях укрепления транзитно-логистического потенциала Республики Казахстан АО «НК «ҚТЖ» реализует масштабную инвестиционную программу, включая проекты по строительству инфраструктурных участков (Достык – Мойынты, Дарбаза – Мактаарал, Обводная Алматы, Бахты – Аягоз, Алтынколь – Жетыген) и обновление подвижного состава (пассажирские вагоны Stadler, локомотивы Alstom, CRRC).

В целях укрепления транзитно-логистического потенциала Республики Казахстан АО «НК «ҚТЖ» реализует масштабную инвестиционную программу. Эта



инициатива направлена на модернизацию ключевых транспортных коридоров страны и повышение эффективности грузоперевозок.

Основная часть программы вклю-

чает в себя стратегически важные проекты по строительству новых инфраструктурных участков. Среди них – возведение вторых путей на линии Достык – Мойынты, созда-

ние веток Дарбаза – Мактаарал и Бахты – Аягоз, а также развитие участков Обводная Алматы и Алтынколь – Жетыген.

Параллельно с расширением сети железных дорог ведется активное обновление подвижного состава. Для обеспечения современных стандартов перевозок закупаются высокотехнологичные пассажирские вагоны компании Stadler, а также современные локомотивы от ведущих мировых производителей Alstom и CRRC.

Вышеуказанные проекты финансируются с привлечением международных кредиторов, в том числе при участии подразделений группы Всемирного банка – Многостороннего агентства по инвестиционным гарантиям (MIGA) и Международной финансовой корпорации (IFC), а также при поддержке экспортно-кредитных агентств US EXIM, BPI-France, China EXIM.

Алуа ТЛЕУБАЙ

ОРТА ДӘЛІЗ ТРАНЗИТІН ЖЕДЕЛДЕТТІ



«Қазақстан темір жолы» АҚ-ның еншілес компаниясы KTZ Express Орта дәлізді дамыту аясында Грузияның теміржол компаниясымен цифрлық интеграцияны аяқтады.

KTZ Express компаниясының IT-департаменті жүкке қатысты деректердің толық пакетін – тауарға ілеспе құжаттарды, келісім аясында жүкқұжаттарын және транзиттік декларацияларды жедел әрі үздіксіз беруді қамтамасыз етті. Сонымен қатар Грузия тарапы өз цифрлық жүйелерін кеден органдарымен біріктіріп, барлық рәсімді біртұтас технологиялық тізбекпен байланыстырды.

Нәтижесінде Грузия аумағындағы контейнерлік пойыздардың кедендік тексерісі 8-9 сағаттан 40 минутқа дейін қысқарды. Бұл бағыттың өткізу қабілетін арттыруға, жеткізу мерзімдерін қысқартуға, операциялық шығындардың төмендеуіне, халықаралық жүк жөнелтушілер үшін Қазақстанның транзиттік бағыттарының тартымдылығын арттыруға мүмкіндік берді. Цифрландыру транзитті жылдамдатып қана қоймай, Еуропа мен Азия арасындағы стратегиялық хаб ретінде Қазақстанның рөлін нығайта түседі.

Ұлан ОРАЗ

НОВЫЙ МАРШРУТ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН



Транспортная группа FESCO впервые организовала отправку контейнерных поездов из Кургана в Тяньцзинь (КНР) транзитом через Казахстан.

Каждый из двух отправленных составов был сформирован из 62 сорокафутовых контейнеров с зерновыми культурами. Общий объем перевозки составил 248 ДФӨ.



Поезда проследовали по территории Казахстана и пересекли железнодорожные пункты пропуска Алтынколь и Хоргос. Конечной точкой назначения стал город Тяньцзинь в Китайской Народной Республике. Среднее время в пути от станции Курган составило 20 дней.

В компании отметили, что FESCO рассматривает возможность дальнейших отправок контейнерных поездов со станции Курган в экспортных направлениях.

Любовь РОББА



Руслан ДАВЫДОВ,
министр по таможенному
сотрудничеству Евразийской
экономической комиссии:

НАВИГАЦИОННЫЕ ПЛОМБЫ ПРЕДСТАВЛЯЮТ СОБОЙ ЭФФЕКТИВНЫЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ МЕХАНИЗМ, СПОСОБСТВУЮЩИЙ ПОВЫШЕНИЮ НАДЕЖНОСТИ И ПРОЗРАЧНОСТИ ЛОГИСТИЧЕСКИХ ОПЕРАЦИЙ. В БУДУЩЕМ ПЛОМБЫ СТАНУТ НЕОТЪЕМЛЕМОЙ ЧАСТЬЮ КОМПЛЕКСНОЙ СИСТЕМЫ МОНИТОРИНГА ИМПОРТА И ВНУТРЕННЕГО ТОВАРООБОРОТА СТРАН ЕАЭС. РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА РАЗДЕЛЕНА НА ТРИ ЭТАПА, ОБЩАЯ ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТЬ КОТОРЫХ СОСТАВЛЯЕТ ОКОЛО 1,5 ГОДА

Заседание

ПРИОРИТЕТЫ ТРАНСПОРТНОГО ДИАЛОГА ОИС

В Стамбуле состоялось заседание министров транспорта стран Организации исламского сотрудничества.

Развитие международных железнодорожных коридоров, цифровизация перевозок и усиление транзитного потенциала стали ключевыми темами Второго заседания министров транспорта государств – членов ОИС. Казахстан подтвердил стратегический курс на укрепление статуса транпортно-логистического хаба Евразии, делая особый акцент на модернизации железнодорожной инфраструктуры и расширении транзитных маршрутов.

Руководство Министерства транспорта Республики Казахстан приняло участие во втором заседании министров транспорта государств – членов ОИС. В мероприятии участвовали главы транспортных ведомств стран Организации и представители международных институтов развития.

Основное внимание в ходе заседания было уделено вопросам транспортной связанности государств ОИС, модернизации инфраструктуры и повышения эффективности международных коридоров. Казахстанская сторона подчеркнула необходимость синхронизации усилий по развитию транзитных перевозок, прежде всего железнодорожных, внедрению циф-



ровых решений в перевозочный процесс и формированию устойчивых логистических цепочек между регионами.

Эти направления напрямую связаны с задачами по раскрытию транзитного потенциала Казахстана, включая развитие магистральной железнодорожной сети, обновление инфраструктуры и создание привлекательных условий для международных инвесторов.

На полях заседания прошли двусторонние встречи с представителями транспортных ведомств Турции, Азербайджана, Кыргызстана, Пакистана, России и Узбекистана. Стороны обсудили практические вопросы развития железнодорожных составляющих Среднего коридора, маршрутов Север – Юг, Трансафганского направления, а также меры по упрощению перевозочных процедур и росту транзитных объемов.

Отдельное внимание уделено вопросам инвестиций в транспортную инфраструктуру. Проведены встречи с представителями

компаний TAV Havalimanlari Holding и S Sistem Lojistik, реализующих инфраструктурные проекты в Казахстане.

Министр транспорта Нурлан Сауранбаев поблагодарил партнеров за вклад в развитие отрасли и отметил, что государство продолжает формировать стабильные и прозрачные условия для долгосрочных инвестиций, включая проекты железнодорожной инфраструктуры и логистики.

Участие Казахстана в транспортных инициативах ОИС подтверждает стратегическую ставку на железнодорожный транзит как основу устойчивого экономического роста. Последовательное развитие международных железнодорожных коридоров, цифровизация перевозок и расширение сотрудничества с зарубежными партнерами будут и далее укреплять позиции страны как ключевого звена евразийской транспортной системы.

Руслан РАХМЕТОВ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ
12 тыс. тонн

КАЗАХСТАНСКОЙ
КОРМОВОЙ МУКИ
ОТПРАВЛЕНО В КИТАЙ.

НА АЛМАТИНСКОМ
УЧАСТКЕ ВЫЯВИЛИ

74
ПАВОДКООПАСНЫХ МЕСТА
ВДОЛЬ МАГИСТРАЛИ.

ОКОЛО
400

ПАССАЖИРОВ ПЕРЕВЕЗЛИ
ПОЕЗДА АО «НК «ҚТЖ»
В НЕПОГОДУ В АКТЮБИНСКОЙ
ОБЛАСТИ.

ЦИФРЛАНДЫРУ ПРОЦЕСІНЕ СТУДЕНТТЕР ДЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржол тасымалы саласындағы бизнес-процестерге заманауи цифрлық шешімдерді жүйелі түрде енгізуді жалғастыруда. Бұл бағытта студенттер де сала қажеттілігіне бейімделген өз жобаларын ұсынып, нақты өндірістік міндеттерді шешуге атсалысып отыр.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Аталған бастама «Цифрландыру және жасанды интеллект» жылы аясында жүзеге асырылуда. Акционерлік қоғам мен Astana IT University арасында дуальды оқыту туралы меморандумға қол қойылды. Бұнықтастық форматы академиялық даярлықты компанияның қолданыстағы бизнес-процестерімен ықпалдастыруды көздейді. Жобаға қатысуға ниет білдірген 135 үміткердің ішінен 14 студент іріктеліп алынып, төрт командаға бөлінді. Екі ай бойы олар компанияның нақты өндірістік және басқарушылық міндеттерін шешумен айналысты.

Бірінші – басқарушылық есептілікті автоматтандыру. Командалардың бірі

апталық жедел есепті автоматты түрде қалыптастыратын және деректерді дашбордтар арқылы визуализациялайтын сервисті әзірледі. Жүйе әртүрлі Excel-кестелеріндегі деректерді біріктіріп, негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) автоматты есептеуге және талдамалық есептерді презентациялық форматта дайындауға мүмкіндік береді. Аталған шешім деректерді қолмен өңдеу үлесін азайтып, адами факторға байланысты қателіктер ықтималдығын төмендетуді және басқарушылық шешімдерді қабылдау тиімділігін арттырады.

Екінші – жолаушылардың өтініштерін мен кері байланысын өңдеуге арналған интеллектуалды чат-бот. Платформа шағымдар мен ақпараттық хабарламаларды, сондай-ақ жоғалған заттарға қатысты өтініштерді қабылдайды. Жасанды интеллект алго-

ритмдері арқылы пайдаланушылармен автоматтандырылған диалог жүргізіп, келіп түскен өтініштер негізінде талдамалық деректерді жүйелі түрде қалыптастырады. Бұл жүйе кері байланысқа жедел әрекет етуге және клиенттік сервистің сапасын жүйелі түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Үшінші команда теміржол билеттерін сату операцияларын кешенді талдауға арналған мониторингтік жүйені әзірледі. Бұл шешім күмәнді немесе жаппай сатып алу әрекеттерін автоматты түрде анықтауға бағытталған. Нәтижесінде алыпсатарлық белгілерді бастапқы кезеңде айқындауға мүмкіндік береді. Тәуекелдер анықталған жағдайда жүйе компанияның ішкі регламенттеріне сәйкес қосымша тексеру жүргізу және қажет болған кезде есептік жазбаларды уақытша шектеу жөнінде

тиісті хабарламалар қалыптастырады.

Төртінші бағыт – багаж және жүк-багаж тасымалын цифрлық форматта рәсімдеу мен оны толық сүйемелдеуге арналған платформаны әзірлеу. Жүйе багаж және жүк-багажды рәсімдеу үдерісін толық цифрлық форматта жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қызмет көрсету станция қызметкері арқылы да, WMS (Warehouse Management System) платформасы негізіндегі өзіне-өзі қызмет көрсету арналары арқылы да іске асырылады.

Жоба аясында студенттер компания мамандарының жетекшілігімен нақты функционалдык модульдер мен ішкі цифрлық құралдарды әзірлеуде. Мұндай тәсіл бизнеске қолданбалы міндеттерді тиімді шешуге және саланың болашақ кадрлық резервін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Жолаушылар тасымалы» АҚ әзірленген шешімдерді ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес ішкі келісімдер мен бекіту рәсімдерінен өткеннен кейін операциялық қызметке кезек-кезеңімен енгізуді жоспарлап отыр.

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ШЫҒАДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



Наурыз мейрамы кезінде жолаушылар ағынының күрт артуы болжанады. Осыған байланысты «Жолаушылар тасымалы» АҚ жиырма рейске үш қосымша пойыз тағайындап отыр.

Сондай-ақ сұранысы жоғары бағыттарда қатынайтын қолданыстағы пойыздар құрамына қосымша 230-ға жуық тіркеме вагон енгізіледі. Нәтижесінде жолаушыларға 35 мың қосымша орын ұсынылатын болады.



Қабылданған шаралар мереке күндерінде билет қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Қосымша пойыздар қозғалысы №201/202 «Алматы-2 – Астана-1» бойынша: Алматы-2 станциясынан: 20, 22, 24, 26, 28, 30 наурыз; Астана-1 станциясынан: 21, 23, 25, 27, 29, 31 наурыз күндері қатынайды. Барлығы – 6 рейс.

Ал №204/203 «Астана Нұрлы жол – Шымкент» бойынша: Нұрлы жол станциясынан: 19, 20, 22, 23, 25, 26, 28, 29 наурыз; Шымкент станциясынан: 21, 22, 24, 25, 27, 28, 30, 31 наурыз күндері жолға шығады. Барлығы – 8 рейс. Сонымен қатар №205/206 «Ақтөбе – Астана Нұрлы жол» бойынша: Ақтөбе станциясынан: 19, 21, 23, 25, 27, 29 наурыз; ал Нұрлы жол станциясынан: 20, 22, 24, 26, 28, 30 наурыз күндері жүреді. Барлығы – 6 рейс.

Билеттерді ilet.railways.kz ресми сайтынан және теміржол вокзалдарының кассаларынан сатып алуға болады. Анықтамалық ақпаратты 1433 тегін нөмірі, сондай-ақ Instagram желісіндегі @jolaushylar_tasymaly ресми парақшасы арқылы алуға болады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК ТЕ МАҢЫЗДЫ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясы Тараз станциясындағы техникалық кітапханамен бірлесіп «Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік: мәселелер, шешу жолдары» тақырыбында оқу семинарын өткізді.



2 ақпаннан бері барлық өңірде жүріп жатқан «Назар аудар, жолда адам!» атты айлық аясында өткен семинарда ШПЧ-36 Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Аман Ұлақұлов магистральдық желі учаскелерінде орын алған келеңсіз оқиғалардың себептері мен салдарына тоқталып, жол бойында қатаң сақталуы тиіс еңбек қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын түсіндірді.

– Теміржолшы ең бірінші кезекте еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып, пойыздар қозғалысына жауапты екенін ұмытпауы тиіс. Әр маман, жұмысшы өз ісін тиянақты атқаруы арқылы қауіп-қатердің алдын алуға үлкен үлес қосады. Өзіне жүктелген міндетті орындауда алдымен қауіпсіз еңбек талаптарын сақтауы шарт, – деген Аман Ұлықпанұлы жұмыс барысында кездесетін бірқатар қателіктерді талдап айтып берді.

Тараз станциясындағы техникалық кітапхананың бас кітапханашысы Жәнібек Рысбеков дистанция қызметкерлеріне шойын жол бойындағы қозғалыс кезінде естен шығаруға болмайтын ескертулер жазылған арнайы әдістемелік нұсқаулықтар таратып, қауіп-қатердің алдын алу бағытында ұсынылатын техникалық-ғылыми еңбектерді таныстырып өтті. Дистанцияның еңбекті қорғау жөніндегі жетекші инженері Ержан Ахметбеков пен эколог-инженер Айгүл Керімбекова еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне тоқталды.

– Теміржол бойында түрлі қатердің алдын алу, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету қашанда өзекті. Бұл мәселеде біз теміржолшыларды қозғалыс қауіпсіздігін қатысты әдістемелік, теориялық нұсқаулықтармен қамтамасыз етуге тырысамыз. Кітапханаға жыл сайын 12 түрлі ғылыми-техникалық журналдар мен газеттерді жазғызып алып отырамыз. Оның ішінде локомотив, вагон, жолшы, тағы сол сияқты салалық құрылымдарға арналған баслымдар бар. Одан бөлек кітапхана қорында да кітаптар жеткілікті. «Назар аудар, жолда адам!» айлығы басталғалы бері Жамбыл филиалындағы техникалық кітапхананың Шу және Сарышаған бөлімшелері жергілікті станция және дистанцияларда осындай бірлескен іс-шаралар өткізді, – дейді бас кітапханашы Жәнібек Есмұратұлы.

Осы ретте Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясындағы еңбекті қорғау жөніндегі техникалық кабинетінің материалдық-техникалық базасы мамандар үшін теория және тәжірибе жүзінде әдістемелік көмек көрсету үшін өте ыңғайлы, талапқа сай жабдықталғанын айта кету керек. Нұсқаулар мен ереже, талаптардың бәрі тақырыптық стендтерден орын тапқан.

Суретті түсірген автор

Станция тынысы

ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ

«КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Ақтөбе» филиалы 2026 жылды негізгі пайдалану көрсеткіштері бойынша жақсы нәтижемен бастады. Қаңтар қорытындысы бойынша вагон мен локомотив өнімділігі жүз пайыздан асыра орындалды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Филиалдың техникалық бөлім бастығының орынбасары Әлия Абдуллинаның хабарлауынша, қаңтарда негізгі пайдалану көрсеткіштері жоспардан жоғары деңгейде орындалып, өндірістік үдерістердің тиімділігі артқан.

– Қаңтар айында жұмыс вагонының айналымы жоспарға шаққанда 106,9%-ды құрап, жергілікті вагон айналымы 104,0% деңгейінде орындалды. Бірінші техникалық станциядағы тұрып қалу көрсеткіші 118%-ға жетіп, жоспардан айтарлықтай жоғары болды. Бос вагондардың жүк тиелген вагондарға қатынасы 103,7% деңгейінде қалыптасты. Вагонның орташа тәуліктік өнімділігі 110,3%, ал оның тәуліктік жүрісі



111,3% орындалды, – деді Ә.Абдуллина.

Сонымен қатар локомотивтің орташа тәуліктік жүрісі, учаскелік жылдамдық, техникалық жылдамдық және локомотив өнімділігі жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Жүктің орташа тәуліктік тиеу көрсеткіші де жоспардан асып, өткен жылмен салыстырғанда едәуір артқан. Ал Орал өңірінде бұл көрсеткіш әлдеқайда

ШАҒЫН БЕКЕТТІҢ ШАРУАСЫ ТҮГЕЛ

Үлкен магистральдың бойында үлкенді-кішілі жүздеген станциялар мен разъездердің әрқайсысының өзіне тиесілі қызметі, атқаратын функциясы бар. Солардың бірі – Атыраудың Қызылқоға ауданына қарасты Сағыз станциясы.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Ауданға келетін жүктің 80 пайызы темір жол арқылы Сағыз бекетінен тасымалданады. Бүгінгі күнде станцияның теміржол аймағында әр құрылымнан құралған 250-ден аса жұмысшылар еңбек етеді. Олардың деңі – жергілікті тұрғындар. Соңғы жылдары жол бойындағы алыс нүктелерге модульді үйлердің орнатылуы да жұмысшылар үшін қолайлы болды. Жолшы, вагоншы, байланысшылар мен энергетиктер бұрынғыдай вахталық әдіспен алыстан қатынамай-ақ, сол үйлердің игілігін көруде. Сонымен қатар Атырау жол дистанциясының өз күшімен станцияда табельдік

ғимараты салынып, жергілікті жолшылардың да жаны кіріп қалған жайы бар.

– Станция мен кірме жолдарда қауіпсіздік қозғалысын бұзу жағдайы, вагондардың бүлінуі сынды жағдайлар быттыр, биыл болған жоқ. Қазіргі уақытта тәулігіне орташа есеппен 26 жұп жүк пойызы өтіп, жүк айналым көлемі жылдан жылға артып келеді, орташа тәуліктік 20-30 пойыз, 175 вагон қабылдануда. 2025 жылдың 12 айында Сағыз станциясы бойынша 9408 пойыз, 556 312 вагон, ал желтоқсан айында 838 жүк пойызы қабылданып, оның құрамында 49 510 вагон болды, ол тәулігіне 1597 вагон. Жүк түсіру жоспары бойынша 4476 вагон түсірілді – 16 жабық, 4002 жар-тылай вагон, 37 платформа, 421



басқа да вагондар. Жөнелтілген пойыз саны – 9340, вагон – 555 589. Оның ішінде «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша вагондар да бар. Ол бағдарламаға сәйкес ауданда қазір автожолдар салу қарқынды жүріп жатыр. Соның ішінде Сағыз – Миялы тас жолы қайта салынуда. Оған қажетті қиыршық тас, топырақ, цемент, басқа да құрылыс материалдары

станцияда түсіріліп, тасымалдануда, – дейді станция бастығы Серік Сұлтанов.

Ал станцияда 8 негізгі жол, 4 тұйық бар, жолдың бәрінде жарық жеткілікті. 8 мыңдай халық тұрып жатқан Сағызда жаңа вокзал ғимараты салынып жатыр, құрылысы аяқталуға жақын.

Суретті түсірген автор

КЕЗЕГІН КҮТКЕН ЖОБАЛАР ЖОҚ ЕМЕС



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Айта кету керек, соңғы екі жылда қайта құрылған Абай облысының дамуына Семей теміржолы ауқымды үлес қосты дей аламыз. Мысалы, араға 25 жыл салып қайта ашылған «Кіші Түркісіб» балалар теміржолын, құрылысы қарқынды жүріп жатқан «Бақты-Аягөз» жаңа теміржол желісін, сонымен қатар жергілікті тұрғындар үлкен қуанышпен қабылдаған «Семей-Шар», «Ақтоғай-Аягөз» жолаушылар пойызы тасымалын айтсақ та жеткілікті.

Мәселен, соңғы екі жаңа бағдар мен маусымдық «Семей-Жалаңашкөл» бағы-

тындағы жолаушы пойыздарымен 2025 жылы жалпы саны 71 346 жолаушы тасымалданып, облыстық әкімдік тарапынан 390,8 млн теңге қаржы субсидияланды. Бүгінгі таңда жолаушыларды тасымалдау белгіленген кестеге сәйкес тұрақты түрде жалғасып жатыр. Болашақта Дегелең – Семей, Ауыл – Семей станциялары арасында жергілікті жолаушылар пойызы қатынасын жандандыру да қарастырылуда.

Жуырда Шар станциясында ҚР Парламенті Мәжілісі депутатымен және облыстағы «Ауыл» партиясының депутаттық фракциясы мүшелерімен кездесу өтті. Осы кездесу барысында Шар станциясынан Қарағандының Қарқаралы ауданының Қарағайлы

станциясына дейін жаңадан теміржол желісін салу жөнінде мәселе көтерілді. Әрине жергілікті жұртшылық тарапынан айтылған бұл ұсыныс әлі де жан-жақты пысықтауды, терең зерделеуді қажет етеді. Дегенмен, бұл жобаның оң шешілуі қос облыстың, олардың арасындағы ауылдық елді мекендердің дамуына да зор ықпалын тигізіп, шығыс пен орталық өңірлер арасын жалғайтын төте жол қанша уақыт пен ресурстар үнемдеуге септігін тигізеді сөзсіз. – Еліміздегі көлік логистикасының дамуына Президент ерекше мән беріп отыр. Экономиканың локомотиві саналатын теміржол саласының дамуы ел қазынасына қосымша қаржы құюмен қатар, теміржол бойындағы елдімекендердің дамуына, тұрғындардың әл-ауқатының жақсаруына айтарлықтай серпін беретініне күмән жоқ. Сондықтан Шардың болашағы жақсы болатынына сенім мол, – деген халық қалаулысы Жигули Дайрабаев жоба жайында Мәжіліс мінберінен тиісті органдарға депутаттық сауал жолданатынын жеткізді.

ШЫҒАСЫҒА ИЕСІ БАСШЫ...

Өткен жылы тіркелген дерек бойынша түбекте пойыздың мал басу жағдайы адам шошырлық деңгейде. Ай мен күннің аманында бір жылда елуге жуық төрт түліктің пойыз астына түсіп, арам өлуі кім-кімді де алаңдатпай қоймайды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Теміржолшылардың бас ауруына айналған бұл жайт Маңғыстау аймақтық бас ревизоры Болат Дүйсәлиевтің де басын қатырып отыр екен. Өйтпегенде ше, быттыр 45 мал басу оқиғасы орын алса, биыл жыл басталмай жатып 2 мал басу дерегі тіркеліпті.

– Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде жылына бірнеше жүз мал пойыздың астына түседі. Бұл оқиғалар малды бақылаусыз қалдыру, теміржол аумағына кіріп кетуі салдарынан болады. Мал иелерінің теміржол қатынасы қауіпсіздігіне немқұрайлы қарайтыны, яғни қадағалаусыз жайылған төрт түліктің жол қатынасына




тигізер зардабы туралы ойламайтыны осындай жағдайға әкеп соғуда. Малдың темір жолға тигізер зиянын түсінген адам басқаша әрекет істер еді. Алдымен жол жүру регламенті бұзылады. Тепловоздарға зақым келеді. Жағармай шығындалады. Оқыс оқиға орын алып, апаттық жағдайға

дейін жетуі мүмкін. Пойызда қанша халық немесе қанша тонна жүк бар екенін ескерсек, апаттық жағдайдың артын ойлаудың өзі қорқынышты. Пойыз – ол қарапайым түзу жолда кетіп бара жатқан жеңіл автокөлік емес. Машинист тежегішті басқанның өзінде мыңдаған тонна салмақпен үлкен жылдамдықта келе жатқан пойыз кілт тоқтай алмайды. Рельстен шығып кету қаупі де жоғары. Осыны халық түсінуге керек. Ары-беріден соң «Шығасыға иесі басшы» деген, асырап отырған ақ-адал малының пойыз астына түсіп, арам өлгеніне іші ашуы керек қой, – дейді Болат Дүйсәлиев.

Бас ревизордың айтуынша, мал шаруашылығымен айналысатын теміржол маңындағы елдімекендер, станция, бекеттердегі шаруа қожалықтары иелеріне, жеке тұрғындарға темір жолға жақын жерлерде мал жаюға болмайтындығы туралы түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіледі. Жергілікті әкімдік, ауыл шаруашылығы мамандарымен бірге дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Нәтиже – мынау. Сондықтан бұдан былай теміржолшылар жол бойындағы қараусыз малды айдап кетіп, қамауды қолға алмақ. Ол үшін жергілікті әкімдіктерге арнайы орын дайындауға ұсыныс та беріліпті.

Суретті түсірген автор

НА ЧЕТЫРЕ НАПРАВЛЕНИЯ



Станция Актогай, расположенная в Абайской области, является важным транспортным узлом, обслуживающим четыре ключевых направления. Важную роль в ее работе играет вагонное хозяйство, обеспечивающее бесперебойное движение поездов и высокий уровень безопасности на маршрутах.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Актогай

Вагонное хозяйство станции Актогай включает не только обслуживание подвижного состава, но и поддержание его в надлежащем техническом состоянии. Здесь проводится регулярная проверка и ремонт вагонов, а также их подготовка к эксплуатации на различных маршрутах. Особое внимание уделяется обеспечению комфорта и безопасности пассажиров, а также соблюдению стандартов экологии и энергоэффективности.

Актогайский участок работает в суровых климатических условиях. Зимой здесь нередки шквальный ветер и сильные снежные заносы, значительно осложняющие работу железнодорожников. Летом персоналу приходится трудиться в условиях изнуряющей жары, когда температура воздуха достигает предельных значений.

По словам начальника опорного пункта

технического обслуживания станции Актогай Достыкского эксплуатационного вагонного депо Каната Конакаева, именно в таких условиях человеческий фактор, взаимовыручка и опыт работников становятся основой бесперебойной работы участка и надежности железнодорожного сообщения.

Канат Талгатович прошел все ступени профессионального роста в вагонном хозяйстве. Начинал слесарем по ремонту подвижного состава ПТО станции Актогай, два года работал осматрщиком вагонов, затем – бригадиром ПТО, позже – вагонным мастером. С 2023 года по настоящее время он трудится начальником ПТО станции Актогай Достыкского эксплуатационного вагонного депо. Параллельно с работой окончил Казахский университет путей сообщения.

Особое внимание уделяется деятельности осматрщиков вагонов: регулярно контролируется качество осмотров. Ведь



от работы ПТО напрямую зависит безопасность движения поездов и бесперебойность перевозочного процесса.

Не остаются без внимания вопросы охраны труда, промышленной и пожарной безопасности. На регулярной основе проводятся технические занятия и инструктажи, обеспечивается соблюдение требований даже в сложных климатических условиях.

Личные качества и профессиональные знания работников позволяют эффективно выполнять свои обязанности, обеспечивая надежную работу на участке и стабильное функционирование станции Актогай и Достыкского эксплуатационного вагонного депо.

Фото автора

Семинар

ОЧЕНЬ НУЖНАЯ РАБОТА

В Костане прошел семинар на тему «Особенности организации гражданской обороны в категорированных организациях».

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

В мероприятии приняли участие представители управления по мобилизационной подготовке, территориальной и гражданской обороне акимата Костанайской области, представители департамента по чрезвычайным ситуациям Костанайской области, а также руководители и работники, ответственные за гражданскую оборону филиалов АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Костанайское отделение магистральной сети», ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанай», структурных подразделений и организаций железнодорожного транспорта региона.

В ходе семинара участники были представлены лекции по вопросам организации гражданской обороны в категорированных организациях, а также рассмотрены актуальные практические вопросы. Всего в мероприятии приняли участие 17 человек.

После вступительного слова председателя президиума – главного инженера Костанайского отделения магистральной сети Абзала Спанова и представления участников с докладами выступили инженер первой категории по организации и ведению гражданской обороны филиала ТОО «КТЖ – Грузо-



вые перевозки» – «Костанай» Алтынай Бекмагамбетова, старший офицер управления гражданской обороны ДЧС Костанайской области Нурбек Найзатаев, руководитель отдела по территориальной и гражданской обороне акимата Костанайской области Манас Мендыбеков.

В своих выступлениях докладчики рассказали об особенностях организации гражданской обороны в категорированных организациях. Железнодорожный транспорт относится к объектам жизнеобеспечения и, как правило, является категорированной организацией гражданской обороны. Это обусловлено стратегическим значением отрасли, непрерывностью производственных процессов и массовым пребыванием людей.

Основная задача гражданской обороны на железной дороге

– защита персонала и пассажиров, а также обеспечение устойчивой работы объектов в условиях чрезвычайных ситуаций и военных угроз.

Ключевые особенности организации гражданской обороны на железнодорожном транспорте: первое – непрерывность работы. Мероприятия гражданской обороны планируются без остановки движения поездов с учетом сменного режима и круглосуточной эксплуатации объектов. Второе – протяженность и рассредоточенность инфраструктуры. Значительная длина участков и удаленность объектов требуют четкой системы управления, устойчивой связи и отработанных схем оповещения. Третье – повышенная опасность. Железнодорожный транспорт связан с перевозкой опасных грузов и эксплуатацией объектов повышенной техногенной опасности, что

требует усиленных мер пожарной, химической и аварийной безопасности. Четвертое – массовое пребывание людей. На вокзалах и в подвижном составе особое внимание уделяется вопросам эвакуации, обучению персонала и взаимодействию с экстренными службами.

В категорированных организациях создаются нештатные формирования гражданской обороны, аварийно-восстановительные бригады, проводятся регулярная подготовка работников и корректировка планов гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций.

Таким образом, эффективная организация гражданской обороны на железнодорожном транспорте является важным элементом устойчивости отрасли, обеспечивающим безопасность людей и сохранение перевозочного процесса в любых условиях.

В 2025 году по Костанайскому отделению было проведено около десяти учений по отработке навыков гражданской обороны на железнодорожном транспорте. В их числе: РКШУ «Коктем-2025» – подготовка органов управления и сил государственной системы гражданской защиты к действиям в период паводков; РКШУ «Өрт-2025» – подготовка к ликвидации чрезвычайных ситуаций в пожароопасный период; РКШУ «ЖЕР-2025» – подготовка к действиям при ликвидации последствий разрушительного землетрясения.

Также проводились комплексные учения в Сарыкольском, Федоровском, Костанайском и Аулиекольском районах и других населенных пунктах региона.

Фото автора

ЗАПРЕТ НА СЕЛФИ НА ПУТЯХ



В крупнейшем поселке Акадыр Шетского района Карагандинской области на постоянной основе проходят беседы с местным населением, связанные с безопасностью на железнодорожных путях. На сегодняшний день здесь проживают более 11 000 человек, что делает его самым населенным пунктом района.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В настоящее время в поселке дислоцируются три школы. В этом месте проходит крупная одноименная железнодорожная станция на линии Караганда – Балхаш.

Как отметил начальник станции Акадыр Талгат Игитаев. Ежегодно на железной дороге гибнут люди независимо от возраста. Основными причинами несчастных случаев являются недостаточная осведомленность граждан об опасностях и несоблюдение элементарных правил личной безопасности.

В связи с этим на постоянной основе в школах с учениками проводятся беседы о

запрете нахождения в зоне повышенной опасности – на железнодорожных путях.

– Несмотря на то что наши работники регулярно предупреждают молодежь о том, что нельзя находиться на железнодорожном полотне в наушниках, а также разговаривать по мобильному телефону, некоторые подростки продолжают это делать на свой страх и риск. Они пролезают под пассажирскими и грузовыми железнодорожными составами, поднимаются на вагоны и делают селфи, а ведь напряжение контактной сети составляет 27 000 Вольт. Кроме того, они бегают и играют на перроне, прикасаются к оборванным проводам контактной сети и воздушных линий, – подчеркнул он.



Все эти действия приводят к печальным, а порой трагическим последствиям. То же самое касается и владельцев скота. Как известно, выход домашних животных на железнодорожные пути в Казахстане – серьезная проблема, вызывающая сотни экстренных торможений поездов ежегодно (более 890 случаев в начале 2025 года) и угрожающая безопасности движения. Основная причина – нарушение правил выпаса в полосе отвода. Напоминаем, что владельцы скота привлекаются к административной ответственности (штрафы от 3 до 10 МРП по ст. 408 КоАП РК) и возмещают ущерб за задержки поездов.

Фото автора

ВНИМАНИЕ ПЕРЕВОЗКАМ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана



Развитие транспортной инфраструктуры и транзитных коридоров Центральной Азии обсудили участники международного форума Kazakh Grain & Logistic Forum в Алматы.

Одно из ключевых событий в сфере зернового рынка и транспортной логистики Казахстана объединило более 200 мировых и региональных экспертов, создавая пространство для диалога между производителями и перевозчиками.

Во время двухдневного мероприятия участники обсудили реформирование железнодорожной отрасли, первые итоги разделения инфраструктуры и перевозочной деятельности, логистику как ключевой фактор работы зернового рынка, транзитных маршрутов в новых рыночных условиях и другие актуальные темы.

Генеральный директор Ассоциации казахстанских грузовых железнодорожных перевозчиков Рамия Сараева в своем докладе подробно рассказала, через какие этапы прошел железнодорожный транспорт, чтобы адаптироваться к рыночным реалиям, озвучила реализованные программы реформирования и представила первые итоги разделения инфраструктуры и перевозочной деятельности.

– Благодаря этому появилась конкуренция в отдельных сегментах, в том числе в грузовых железнодорожных перевозках. Это особенный успех – институт грузовых перевозчиков на сегодняшний день есть только в Казахстане на всем постсоветском пространстве. Есть конечно и проблемы в дальнейшем развитии, – отметила она.

Участники форума обозначили насущную необходимость дальнейшего формирования гибкого и предсказуемого рынка перевозчиков, обеспечивающего грузоотправителям реальный выбор и альтернативу. Отдельный тематический блок был посвящен аграрной логистике по цепочке «от поля до порта». Особое внимание уделили экспортным маршрутам через Азербайджан и Грузию, а также системным ограничениям, сдерживающим развитие зерновой логистики.

В рамках панельных сессий участники обсудили реальность контейнеризации зерна в направлении Каспийского и Черного морей, роль портов Актау, Курык и Алят, а также китайских транспортно-логистических центров.

Финальная сессия форума была посвящена международным железнодорожным перевозкам. В частности, вопросам диверсификации транспортных коридоров, развитию ТМТМ, южного направления и альтернативных маршрутов доставки грузов в Европу и страны Азии.

Участники подчеркнули, что для казахстанских предприятий, включая агробизнес, железнодорожный транспорт остается ключевым видом перевозок.

ЕДИНЫЙ СТАНДАРТ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



С 2025 года в Дирекции магистральной сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» реализуется комплекс мероприятий по обновлению и приведению в эстетически надлежащий вид специального подвижного состава и спецтехники, задействованных при эксплуатации и обслуживании устройств электроснабжения.

В рамках проведенных работ все автомотрисы АДМ дистанций электроснабжения в Астане и Жамбылской области прошли полную покраску с приведением внешнего вида в соответствие с установленными требованиями, а также обновлением инвентарных номеров и опознавательных знаков. Лаборатория высоковольтных испытаний, относящаяся к спецтехнике, также приведена в надлежащее техническое состояние – выполнен ремонт с обновлением лакокрасочного покрытия.

До конца года данная работа будет завершена по всем дистанциям электроснабжения, что обеспечит единый стандарт идентификации подвижного состава и специальной техники.

ДОРОГУ МОЛОДЫМ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



В Екибастузской дистанции пути начало свою работу молодежное крыло. Перед молодыми специалистами стоит задача поднять на новый уровень молодежную политику в филиале и раскрыть потенциал молодежи.

Две недели назад прошли выборы председателя молодежного движения. Им стал мастер по ремонту машин и механизмов Алибек Оразбеков. На сегодня в молодежном крыле Екибастузской дистанции пути насчитывается 15 человек. Основная задача, которая стоит перед молодежным движением, это волонтерство, в том числе привлечение молодых специалистов в железнодорожную структуру.

– Сейчас формируем списки пенсионеров, которые нуждаются в разносторонней помощи. Мы хотим всегда быть на связи с ними, не только в праздничные дни, – говорит Алибек Оразбеков. – Ближайшие мероприятия ПЧ-30 «Жастары» – это организация выездов по производственным участкам с целью ознакомления молодых специалистов с нашей деятельностью, привлечь их в наши ряды. Выезды в детские сады и детские дома для проведения акции по раздаче игрушек и оказанию социальной поддержки детям.

Как подчеркнул новоизбранный председатель, для молодежного крыла ПЧ-30 «Жастары» в первую очередь важно развить методы, формы и инструменты работы с молодежью так, чтобы все это носило системный характер, и один из акцентов – карьерное развитие и развитие культуры безопасности, эффективность процессов и т.д.

Большую помощь ПЧ-30 «Жастары» оказывает профсоюзный комитет Екибастузской дистанции пути, в частности его председатель Марат Садвокасов.

КТЖ УСИЛИВАЕТ СОЦИАЛЬНУЮ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

В одном из филиалов АО «НК «КТЖ» подписаны меморандумы о сотрудничестве в рамках запуска социального проекта «Жылы жүрекпен». Новая инициатива стала первой некоммерческой программой компании, направленной на комплексную поддержку работников и членов их семей.

Проект ориентирован на формирование единой системы моральной, юридической и информационной помощи сотрудникам, а также на развитие волонтерского движения и культуры взаимоподдержки внутри коллектива. Партнерами инициативы выступили Республиканская коллегия юридических консультантов, реабилитационный центр Sa’bi health и фонд Bolashak Charity. Для взаимодействия с ними запущена бесплатная цифровая платформа, позволяющая получать консультации в онлайн-формате.

– В рамках проекта будет оказываться бесплатная профессиональная юридическая помощь. Она включает гражданско-правовое сопровождение, судебную защиту, консультации, а также в отдельных случаях – финансовую поддержку нуждающихся семей, – сообщил член палаты юридических консультантов Астаны Дастан Закарьянов.

Одним из ключевых направлений проекта стал патронаж детей сотрудников с особыми потребностями. Программа предусматривает наставничество, помощь в обеспечении сезонной одежды и школьными принадлежностями, а также организацию досуга.

В рамках информационной составляющей запускается инициатива «Дети – амбассадоры добра», где будут публиковаться истории достижений детей работников компании.



Начальник производственно-технического отдела филиала «Астанинская дистанция защитных лесонасаждений» Жандос Мусагулов отметил практическую значимость проекта для семей сотрудников. Он выразил уверенность, что новая платформа станет действенным инструментом поддержки родителей, воспитывающих детей с особыми потребностями, не только в столице, но и во всех регионах страны.

Подписание меморандумов стало значимым этапом развития инклюзивной культуры компании. В мероприятии приняли участие руководство и семьи сотрудников, что подчеркнуло высокий уровень личной вовлеченности коллектива в реализацию социальной политики.

Реализация проекта «Жылы жүрекпен» направлена на долгосрочное развитие социальной поддержки работников, расширение инклюзивных инициатив и укрепление корпоративной социальной ответственности компании.

Руслан РАХМЕТОВ
Фото автора

Дежурный станционного поста централизации Павлодарского отделения магистральной сети Еламан Карабай представляет Павлодарское Прииртышье в проекте «100 молодых лиц КТЖ». 24-летний железнодорожник серьезно намерен развивать волонтерскую деятельность в структурном подразделении.



вошел в проект «100 молодых лиц КТЖ». С тех пор активно участвует в форумах и мероприятиях, в том числе проходит обучение, тем самым развивая молодежную политику в АО «НК «КТЖ».

Пять лет Еламан Карабай занимался борьбой, поэтому он привык бороться и идти до поставленной цели. В его жизни есть и другая деятельность, которой он предан душой и сердцем. Это волонтерство и благотворительность. О своей помощи молодой железнодорожник не хочет говорить, но серьезно намерен дальше развивать волонтерскую деятельность в Павлодарском филиале, да и в целом молодежную политику в регионе.

– В вопросах молодежной политики перед нами стоят большие задачи и цели, есть свои планы и видения реализации некоторых проектов касательно молодежи. Также я хочу заняться волонтерской деятельностью. Наш филиал всегда помогает детским домам и дому престарелых. Но мы не планируем стоять на месте, благотворительность нужно выводить на новый уровень для того, чтобы охватить помощью всех, кто в этом нуждается, – резюмировал Еламан Карабай.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ҮЛГІЛІ ОТБАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМДІЛІК

Теміржол көлігіндегі маңызды тұлға машинистер мен машинист көмекшілерінің жұмысы оңай емес. Жүк және жолаушы құрамдарын тізгіндеген жандардың денсаулығы, жан дүниесінің тыныштығы – қозғалыс қауіпсіздігінің басты кепілі. Жуырда Қызылорда локомотив пайдалану депосында өткен жиынның арқауы осы тақырып болды.



Алдымен Қызылорда депосында, кейін Қазалы айналым депосында өткен жиынға локомотив бригадалары мүшелері мен олардың жұбайлары қатысты. Депо бастығы Нұртай Байғазы бастаған басшылық құрам осынау басқосуды ресми жиын емес, қазақ отбасының дәстүрлі құндылықтарын паш еткен, оның ішінде теміржолшылар отбасының жауапкершілігін айқындаған тағылымды кездесуге айналдыруға тырысты.

Басқосу барысында депо бастығы 2025 жылы орын алған қозғалыс қауіпсіздігін бұзу оқиғаларын жан-жақты талдап, олардың себеп-салдары сараланды. Әрбір жағдайдың түп-төркініне үңілу арқылы сала мамандарымен бірге қауіптің алдын алу тетіктерін нақтылады.

Машинист сапарға шығар алдында толық тынығып, физикалық әрі моральдық тұрғыдан дайын болуы пойыз қозғалысының тұрақтылығы мен жолаушылардың амандығына тікелей әсер ететін ерекше фактор екені атап өтілді. Үйдегі түсіністік, отбасы ішіндегі жылылық пен қолдау локомотив кабинасындағы сенімділікке сеп болатыны айтылды.

– Мыңдаған тонна салмақтағы пойыздың тізгінін ұстаған машинист пен оның көмекшісіне өздеріне деген сенімділік ауадай қажет. Ал ол сенімнің негізі ең алдымен шаңырағындағы тыныштық, жайлылық, жылылық екені сөзсіз, – дейді Қазалы айналым депосының үздік машинисі Тоқтар Алмаханов.

Кездесуде локомотив бригадалары үшін психологиялық тұрақтылықтың маңызы кеңінен қозғалды. Ұзақ сапар, жоғары жауапкершілік, қозғалыс кестесінің қатаңдығы – барлығы машинистен жоғары зейін мен сабыр талап етеді. Сондықтан сапар барысында назарды бөлетін кез келген факторға, әсіресе ұялы телефоны пайдалануға қатаң тыйым салынатыны тағы бір мәрте ескертілді.

– Біз қауіпсіздікті тек техникалық талаптар мен нұсқаулықтарды орындаумен ғана шектей алмаймыз. Қауіпсіздік – бұл ең алдымен машинистің кәсіби даярлығы, үнемі жетілдіріліп отыратын білімі мен дағдысы. Сонымен қатар оның психологиялық орнықтылығы, кез келген жағдайда салқынқандылық танытып, дұрыс шешім қабылдай білуі аса маңызды. Ал

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор

ЧЕЛОВЕК НА ПУТИ!

В рамках месячника «Внимание, человек на пути!», объявленного АО «НК «КТЖ» со 2 февраля по 2 марта 2026 года, проведены профилактические беседы в младших классах СОШ № 31 города Уральска.



Месячник проводится с целью предупреждения наезда подвижного состава на работников при выполнении ими работ, усиления контроля за соблюдением работниками требований безопасности при приближении и пропуске подвижного состава. В этот период усиливаются профилактические мероприятия по безопасности и охране труда, а также контроль

за соблюдением правил поведения на объектах железнодорожной инфраструктуры.

Школа расположена в непосредственной близости от железнодорожных путей, причем перегон ст. Орал – ст. Жилаево самый тревожный в плане безопасности, большинство учащихся школы № 31 проживают в окрестностях и зачастую переходят железнодорожные пути в неположенных местах. Что и послужило поводом начать профилактические беседы именно с этого учебного заведения.

Беседы о правилах безопасности на железной дороге с учащимися младших классов проводили старший инспектор группы по профилактике правонарушений линейного отдела полиции на станции Уральск майор полиции Владимир Федунوف и инспектор службы капитан полиции Лаура Азизова.

Ребята объяснили, почему нельзя пролезать под вагонами, перебегать путь перед движущимся поездом, стоять близко к краю платформы, ходить и играть рядом с путями, прыгать с платформ на путь, цепляться за поручни проходящих поездов, забираться на крышу состава и бросать камни в поезд. Рассказали о последствиях нарушений на реальных примерах.

Также напомнили о штрафах, которые могут быть наложены на родителей несовершеннолетних нарушителей. Школьникам раздали памятки и провели блиц-опрос для проверки усвоения материала. Беседами охвачено более 100 школьников.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск
Фото автора

Спорт

Семейлік теміржолшылар қысқы спорт түрлерін дамытып қана қоймай, кейбір ойындарды қайта жаңғыртып жатыр. Жуырда «Локомотив» мұзайдынында коньки жарысынан ерекше сайыс өтті.



ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ҚҰРМЕТІНЕ

Бөлімше басшылығының бастама-сымен бүгінде Италия жерінде өтіп жатқан қысқы олимпиадалық ойындар құрметіне өткен шараға жастар ғана емес, аға буын өкілдері, тіпті сала ардагерлері де қатысты. Жалпы саны 20-дан аса теміржолшы бақ сынаған, тұңғыш ұйымдастырылып отырған сайысқа филиал басшысы Алмас Сейсемқанов арнайы келіп ізгі тілегін білдірді.

Айта кетсек, семейліктер шаңғы жарысынан шебер, ұлттық компания бойынша алдына қара салдырмайды. Ал коньки сайысы араға ширек ғасырдан аса уақыт салып қайта оралып отыр. Ардагерлер қауымы бөлімше

бойынша мұндай жарыстың соңғы рет қашан өткізілгенін естеріне түсіре алмады.

Қызу бәсеке жанкүйерлердің қиқу салуымен қызу басталды. Жүз метрлік қашықтыққа екі-екіден шықты, жастар мен ардагерлер өзара шеберлік сынасты. Қызық болғанда жастарға қарағанда 60 жастан асқан ардагерлер конькидің «құлағында» ойнайтын болып шықты. Жалпы, зейнет жасындағы байырғы сала қызметкерлері барлық спорттық шаралар бойынша жоғары белсенділік танытып жүргені белгілі. Нәтижесінде Владимир Радченко, Искак Кузбаев, Жұмағали Жакупжанов жеңіс тұғырынан табылды. Сол тәрізді 40 жастан

жоғарыдағылар арасында Еркін Қабышев, Руслан Әбікенов, Аманжол Аусыдықов, Мақсұт Түсіпбеков үздік шықты. Ал жастар арасынан Еркін Урунтаев, Дарын Рымғалиев, Ернат Сүлейменов қатарының алды атанды.

Сайыс соңында барлық жеңімпаздарды Семей филиалының директоры Алмас Ғылымұлы құттықтап, ақшалай сыйлық пен алғыс хат табыстады. Бөлімшенің спорт нұсқаушысы Наталья Мешкованың айтуынша, басшылық пен теміржолшылар тарапынан алдағы уақытта хоккей ойындарын өткізу бойынша ұсыныс түсуде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

СЕГІЗ КОМАНДА СЫНҒА ТҮСТІ

Шу станциясының вагондарға техникалық қызмет көрсету орталығында үстел теннисінен командалық жарыс өтті.



Тартысты өткен жарыста аға вагон қарушы Қайрат Өмірбековтің командасы 1-орынды олжалады. Финалдық ойында есе жібергенімен, соңына дейін жеңіс үшін барын салған Жандар Көпековтің ойыншылары 2-орынды еншіледі. Алғашқы матчтардан-ақ фавориттер қатарынан көрінген Жалғас Байсеитов бастаған топ үздік үштікті түйіндеді.

Жарыс соңында қатысушылар Алғыс хаттармен марапатталса, жеңімпаздарға кәсіподақ ұйымының атынан бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Ардақ УСЕЙНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

КАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
Дина Музудбаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы **8 000**
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол
көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өзгеше басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу күәлігі берілді.